

Эти меры позволят существенно повысить качественные и количественные показатели малого и среднего предпринимательства на всех уровнях, что в свою очередь обязательно отразится в увеличении их роли в социально-экономическом развитии регионов республики.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТ ЕЛДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Кошербаев Д.Б., с.ғ.к, доцент; Жұмағұлов Е.Т., аға оқытушы
Саясаттану және әлеуметтану кафедрасы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Бұл мақалада автор қоғамның қозғаушы күші - интеллектуалды элитаның әлеуметтік-саяси модернизацияны жүзеге асырудағы ролін қарастырады. Интеллектуалды элитаның қоғамдағы алатын орынын қарастыратын тұжырымдамалар келтірілген. Мемлекеттің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру деңгейлері ұсынылады.

Кілт сөздері: интеллектуалды элита, интеллектуалды ұлт, адамдық капитал, адамдық ресурс.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен ақ, біз еркін демократиялық қоғамды дамытудың жедел бағытын жария ете отырып, тәуелсіз Отанымыздың саяси тарихының жаңа да жарқын болашағына қадам жасадық. Осыған орай, Елбасымыз Н.Назарбаев: «Біз бостандық принциптеріне, әлеуметтік-бағдарлық нарыққа, әлеуметтік ынтымақтастыққа сүйене отырып, толық шешіммен жақсы өмір сүруге икемді, демократиялық қоғам құруға дайынбыз»[1] – дей отырып, бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі демократиялық құндылықтарға тән қоғамды қалыптастыру екендігін тағы бір баса айтқан болатын.

Елдегі саяси реформалардың екі он жылдық тарихына қарамастан Қазақстан әлемнің демократиялық мемлекеттеріне өзінің ұстанған адами құндылықтары мен нормаларынан бас тартпайтындығын көрсеткен болатын. Әрине, Қазақстан мен демократиясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан Батыстың демократиясынан айырмашылығы мол, бұл тек саяси-экономикалық жүйелердің даму үрдісінде ғана емес, сонымен қатар тарихи, мәдени ерекшеліктерден айқын көрінеді. Алайда, мемлекетіміздің демократиялануының аз ғана тарихына қарамастан, осы жолда жеткен жетістіктеріміз де жоқ емес.

Және де демократиялық мемлекет құру Елбасының немесе жекелеген әлеуметтік топтың ғана міндеті емес, көпшілік болып жұмылғанда азаматтық қоғам принциптеріне жақындай түсеміз. Әрбір қазақстандық өз еліміздің гүлденуіне қандай өзіндік үлес қостым деген сұраққа жауап беруге тиіс. Нақты экономикалық табыстарға негізделген және Жалпыұлттық тұжырымдама арқылы жүзеге асатын Қазақстанның жаңғыртылу жетістіктері осыған тікелей байланысты. Сондықтан қоғамның бүкілдерлік саяси субъектілері етене жұмыс жасаулары қажет.

Осы жерде қоғамдағы әлеуметтік жаңаруларды жүзеге асыру міндеті елдегі интеллектуалды әлеуетті арттырмайынша жүзеге аспайтындығы анық. Ол ең алдымен демократиялық үрдістердің нәтижелі жүруі мен қолайлы алғышарттарға байланысты. Себебі, бүгінгі тарих көрсетіп отырғандай демократияға бет бұрған посткеңестік мемлекеттердің барлығы дерлік демократиясы орныққан мемлекеттерге айналды деп айту өте қиын. Көп жағдайда демократиялық құндылықтардан гөрі аталмыш мемлекеттерде авторитарлық сарындағы принциптердің басым тұратындығы айқын. Алайда, демократияның нышандары мен базалық нормалары жоқ деп те кесіп айтуға да болмайды. Себебі, демократия бір жылда немесе он жылдықта өзінен өзі құрыла салатын үрдіс емес. Ол өте күрделі құрылым, сондықтан демократияның орнығуы үшін уақыт және белгілі ресурстар қажет. Осы сұраққа Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» жаңа бағдарламалық мақаласында халқымыздың өз мемлекетін өркениетті елдер қатарына көтеру жолындағы әлеуметтік бағыттарын толық қамтыған мәселелерді көтереді. Осы тапсырмалар толығымен жүзеге асқанда ғана халықтың денсаулығы жақсарып, білімі мен біліктілігі артатыны, тұрмыс деңгейі көтерілетіні, тіршілік етуі жақсаратыны, еңбекке белсенділігі артатыны, мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарына еркін еніп, бәсекеге қабілеттілігі қалыптасатыны айқындалған. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы еліміз тағы бір жаңа белеске көтеріледі, қоғамның адам үшін қызмет ету мүмкіндігі арта түседі.

Елбасының идеясы қоғам өмірінің барлық саласын қамтиды – саясат, экономика, білім беру, ғылым, бизнес. Осылардың ішіндегі маңыздыларының бірі білім беру.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдері ғаламдық бәсекелестік жағдайындағы жаңа талаптарға жауап беретін жоғары білім берудің икемді жүйесін құруға ұмтылуда. Бәрімізге белгілі, экономикасы мен азаматтық институттары қалыптаспаған елдерде білім берудің тиімді жүйесіде орнықпаған. Қоғамның сауаттылығы, адами капиталдың сапасы Қазақстанға әлемдік үрдістерге әсер етуге қабілетті бірқатар мемлекеттер қатарына кіруге мүмкіндіктер бере отырып, демократиялық институттардың орнығуына да қолайлы жағдай тудырады.

Қазіргі ақпарат заманында ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері қолданылатын өндіріс, сауда, қызмет көрсету саласы рөлінің арта түсуіне байланысты еліміздің бәсекеге қабілеттілігі туралы мәселе күн тәртібіне қойылып отыр. Қоғамдық өндіріс салалары да, еліміздің өзі де білім беру жүйесі бәсекелестік қатынастарға төтеп бере алған жағдайда ғана бәсекеге қабілетті болмақ. Бүгінгі таңда кез келген елдің бәсекеге қабілеттілігі білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігіне келіп тіреледі. Сондықтан барлық дамыған елдерде білім беруге жете назар аударуда.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде студенттер алдында оқыған дәрісінде білімнің ел өмірінде алатын ерекше рөлін: «Ұлттар тек тауарлар және қызметтермен ғана бәсекелесіп қана қоймай, сонымен қатар олар қоғамдық құндылықтар жүйелерімен және білім беру жүйесімен бәсекелесуі қажет»[2] деп нақты белгілеген болатын.

Сондықтан бүгінгі күнгі озық технологиялар мен жаңашыл ойларды жетік игерген, өзінде, елінде таныта алатын азаматтарды тәрбиелейтін ыңғайлы оқу жүйесі болуы керек.

Әлемдік білім беру жүйесінде көш керуен алда келе жатқан алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін саралай отырып, оқу жүйесінде байыпты өзгерістер жасаған абзал. Оның ішіндегі негізгі салмақ жоғары оқу орындарына түспек. Себебі еліміздің жоғары оқу орны жүйесі тек жоғары білім берудің ғана емес, бүкіл білім беру жүйесінің жаңаруына ұйытқы болуы аса қажет. Есімі әлемге әйгілі испандық философ және мәдениеттанушы Х. Ортега-и-Гассет «Миссия университета» еңбегінде университетті интеллектуалды элитаны тәрбиелеу орталығы дейді. Ғалым университеттің міндетін «дарындылар аристократиясын» тәрбиелеуден көреді. Яғни интеллектуалды элитаны элиталық білім бере отырып тәрбиелеп өсіріп шығаратын жер жоғары оқу орындары. Элитарлық білім интеллектуалды элитаны қалыптастыратын бірден-бір негізгі көзі.

Осыған сәйкес бүгінгі ақпараттық демократиялық қоғамда жоғары білімді беру жүйесінде ақпараттық-технологиялық мүмкіндігі мен бітірген маман-түлектерінің сапасына және онда түсу талаптарына сәйкес ЖОО-н бірнеше түрлерге бөледі. Осыдан барып қазір жоғары кәсіби білім берудің екі түрі бой көрсетті: бірі қызмет көрсету сапасы жоғары элиталық білім беру, екіншісі жоғары білім берудің қалың көпшілікке арналған түрі. Бүгінгі күні осылардың ішінде кең тарағаны элитарлық оқу. Біздің елімізде элитарлық білім жүйесін қолға алуда. Алайда бұл азғана уақыттың ішінде қалыптаса қоятын үрдіс емес. Мәселен, есімдері мен білімі әлемге әйгілі Гарвард, Принстон, Йель, Оксфорд, Кембридж, Сорбонна, Москвалық, Токиялық және т.б, университеттер аймақтық қана емес, сонымен қатар әлемдік интеллектуалды элитаны тәрбиелеудің негізгі көздеріне айналып отыр. Бұлардың да өзіндік қалыптасуының ерекше үлкен тарихы бар. Олар көптеген тарихи, мәдени факторлардың әсерімен етене дамып жетілген білім ордалары.

Бізде осындай элиталық білім жүйесіне ұмтылуымыз қажет. Ол үшін, профессор Е. Жатқанбаевтің пікірінше «еліміздегі әрбір жоғары оқу орны қазіргі заманғы университеттердің қандай түріне өтуіміз қажеттігін айқындап алулары тиіс. Олар – жобалаушы, зерттеуші, педагогикалық, т.б түрлерге бөлінеді. Университеттердің басқа да типтену түрлері бар. Дамыған елдердің жетекші университеттері жобалаушы немесе зерттеуші түрлеріне жатады немесе олардың синтезін құрайды. Менің ойымша, біздің университеттерде мойын бұрғызбас лекциялар мен семинарлар үстем болып келетін «жоғары мәртебелі» оқу жоспары басымдыққа ие. Дамыған әлем бұл типтен ХХ ғасырдың 70-ші жылдары арыла бастады». Яғни оқу жүйесін бүгінгі заман талаптарына сай, бәсекеге қабілетті, «икемді» мамандар даярлайтындай жаңа мазмынға толтыру қажет.

Мемлекет басшысының 5 қыркүйек күні Назарбаев Университетінде оқыған «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты дәрісінде атап өтілгендей, еліміз бүгін «білім-ғылым-инновация» деп аталатын ұштағандық жүйе басқаратын постиндустриялық әлемге қадам басты. Қазақстанда білім жүйесі қарқынды түрде дамуға, жаһандану және ақпараттану сияқты жедел дамып келе жатқан әлемдік үрдістерге жауап беруге қабілетті болуы керек.

Жоғары оқу орындары аталған талаптармен қатар, инновацияға да көңіл бөлгені абзал. Дамыған елдердің жоғары оқу орындары рыноктық қатынастар субъектісіне айналған. Ғылыми және

инженерлік білімдер коммерциялық өнімдерге, лицензиялар мен патенттерге айналып, сауда нысаны ретінде сатып алынады және сатылады. Осы заманғы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары инновациялық технологиялар мен еңбек рыногындағы жаңа тұрпатты қызметкерлерді туындату орталығы болды.

Ғылыммен өндірісті ұштастырмайынша сұранысқа ие маман даярлай алмаймыз. Себебі, білім мен тәжерибиенің ұштаспауы белгілі бір жұмыс саласына келген жас маманнан тәжерибиелік біліктіліктерді талап етеді. Төрт жылғы өмірін білімге арнаған студенттің білімі шынайы нарықтық жағдайға сай болмаса сарып болады. Оған қайтадан екінші жоғары білім алу қажет болады. 2006 жылы екінші жоғары білім алып жатқан студенттердің саны 46,0 мың (2005 жылмен салыстырғанда 6% көп). Осындай жағдайлар қоғамда екінші білімге деген сұранысты арттырып қана қоймай, қаржылық шығындарға да әкеледі.

Осыдан елдің интеллектуалды болашағын тәрбиелеудегі оқу жүйесіне қатысты келесі бір мәселе шығады ол – қаржы. Қаржысыз білім беру мәселесі шешілмейді. Мәселен, XX ғ. 60-шы жылдары Батыста құрылымдық функционализм «дағдарысына» жауап ретінде «адамдық капиталы» (человечески капитал) концепциясы қалыптасып дамыды. Осы тұста көптеген мамандар білімнің экономикалық тұрғыдан рентабельді екендігі туралы айтады, жазада бастады. Американдық элеметтанушы Э.Денизон 1950-1962 жылдар аралығында АҚШ-тың ішкі ұлттық өнімінің өсуі білімге жанама, тікелей түрде ақша салуына байланысты болғандығын айтады(38%). Мұндай қортындыға өзге американдық экономистер Г.Беккер мен Т.Шульцте келеді.

Бұл концепция бойынша оқыту мен тәрбиелеу мәдени, рухани құндылықтарды жинақтау тәрізді «адамдық капитал» жинақтау үрдісі. Бұған қоғамдық жағдайды арттыруға бағытталған қызмет жатады.

Әлемнің 75 елінің білім жүйесіне талдау жасай келіп, Ф.Харрисон мен Ч.Мейерс «адамзат ресурсының» дамуының 4 үлкен тобын шығарады. Олар – нашар дамушы, жартылай дамушы, жартылай жоғары дамыған, жоғары дамыған. Және ұлттық экономиканың тиімді жұмыс істеуін тұрғындардың кәсіптілігімен, білімділігімен байланыстырады. Сонымен қатар, С.Миллер мен Ф.Рисмен бүгінгі күні оқу(білім) әлеуметтік мобильділіктің негізгі жолы екендігін айтады. Яғни, «Адам капиталы – бұл адамның сапалық және сандық көрсеткіштерімен анықталатын, табиғи болмысы мен әлеуметтік қатынастардың негізінде қалыптасатын әлеуметтік мәні бар зор қабілеті, білімі, білігі, дағдысы».

Осы аталмыш концепцияның мәнін жете түсінген Елбасы мемлекеттік бюджеттен жастарға қаржы бөле отырып, олардың ертең ел экономикасын көтерудегі рөліне айрықша зеректікпен саяси қадам жасаған болатын. Сондықтан елдегі экономикалық қиындықтарға қарамастан «Болашақ» бағдарламасын тәуелсіздікке екі жыл толар-толмас уақытта, 1993 жылы елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әлемнің білді жоғары оқу орындарында елдің келешегін жақсартатын білімді де білікті кадр даярлау мақсатында жүзеге асырған болатын. Міне, содан бергі азғана «... 15 жыл ішінде 26 ұлттың өкілі кіретін 3850 талапкерге Елбасы стипендиясы тағайындалған, олар әлемнің 32 еліндегі 63 жоғары оқу орындарында білімдерін ...» бүгінгі күнге сай ұштап жатқандығы көрегел саясаткердің пысықтығы. Осының арқасында мыңдаған дарынды жастар әлемнің білді университеттерінде білім алуда. «Адамдық капитал» концепциясының біздің елде жүзеге асуының бұл бірден-бір дәлелі.

Сонымен қатар Елбасы «Болашақ» стипендиясына иегер жастармен Астанадағы кездесуінде «Болашақтың» бәсекеге қабілетті ұлттың қатарына қосылу үшін жасалған ең маңызды жобалардың бірі екеніне тоқталды. «Мұны ұғу үшін дамудың жаһандық бағыты қалай қарай кетіп барады, соны білуіміз керек. Заманауи прогрестің мәнін білуіміз керек. Қазіргі шындық мынадай: бүгінгі мемлекет өзінің интеллектуалды ресурстарымен бәсекеге түседі. Дамыған елдердің ұлттық байлығының 75 пайызы осы интеллектуалдық капиталды құрайды. Бәсекенің бастысы – білімнің бәсекесі. Алдыңғы қатарлы елдердің экономикасы ғылым мен бизнестің аспектілеріне негізделген... Біз инновациялық төңкеріс үшін дайындықтамыз. Нақты мақсатымыз бар. Ол – халықтың әл-ауқатын жақсарту бағытында жұмыс істейтін жоғары технологиялық мемлекетке айналу. Өйткені, мұнай-газды, басқа да ресурстарды біз мәңгілікке пайдалана алмаймыз. Біздің мақсатымыз мынадай басымдықтарға ие болады. Бұл ең алдымен, басқарудың тиімді тетігін білетін жастардың шоғырын қалыптастыру. Олар мемлекеттік басқару мен бизнес саласын жетік меңгерген мамандар болуы қажет. XXI ғасырда қалай жұмыс істеу керектігін білетін мамандар Отанның мақсат-мүддесін алдыңғы орынға қоятын патриоттар болып қалыптасады. Оның үстіне олар менеджменттің де қыр-сырын білетін болуы керек. Жаңа идеяларға бастамашы болуы шарт. Өйткені, біз мемлекеттік басқаруға білімді, жан-жақты дайындығы бар, тәжірибелі адамдарды тартамыз...» - деді Н. Назарбаев.

Қазақстан Президенті осы орайда интеллектуалды ұлт – 2020 идеясы турасында әңгімеледі: «идеяның басты мақсаты – жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу. Елді адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету. Бұл үшін біріншіден, білім жүйесінің инновациялық дамуына жолаушы керек. Бізде әр жеті-сегіз жыл сайын өз ісінің шеберлері көбейіп келе жатқаны дәлелденіп отыр. Сөйте тұра, осыны қанағат тұта отыра бермей, жастар бойында қас пен көздің арасында жаңарып жатқан ақпарат тасқынынан өзіңе қажеттісін іріктеп алатын жасампаздықты шыңдау қажет. Бұл үшін жаңаша оқыта алатын ұстаздар керек... Екіншіден, электрондық қызмет көрсетуді жаңа заманға сәйкестендіру керек... Үшіншіден, жастардың рухани тәрбиесіне айрықша көңіл бөлу...».

Елімізде ел келешегін ойлаған интеллектуалды элитаны қалыптастыру мәселесі Нұрсұлтан Назарбаевтың алға қойған елеулі саясатымен үндеседі. Жастардың оқуына жұмсалған шығын ертең интеллектуалды өнім есебінде елге қайта оралады. Бұл бір жағынан мемлекетке байланысты болса екінші жағынан жастардың білімге деген құштарлығына байланысты. Сондықтан жастарды білімге тартқан абзал. Бұл, өз алдында әлеуметтік жаңаруларды тиімді етуге әкелері сөзсіз.

Қорыта келе мынадай ой түйуге болады: мемлекеттің интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру үш деңгейде жүруі керек. Нақтырақ:

I деңгей. Мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелері. Бұлардың мақсаты балалардың бойындағы қабілеттерін ашып, дарындылықтарын әрі өрбіту. «Әрбір адам өмір бойы даму үстінде болады және оның денесімен бірге ішкі жан дүниесі де дамуға тиіс. Сонда ғана ол адам деген ардақты атқа лайықты, жанжақты жетілген, жеке тұлға болып қалыптасады. Адамзат қоғамы бір жеке адамдардан тұрады, олай болса қоғамның дамуы, оның әрбір мүшесінің дамып жетілуі сапасына байланысты» - дейді Н.Б.Игисина. Сондықтан жастық кезінен баланы дұрыс тәрбиелеген абзал.

II деңгей. Жоғары оқу орындары. Мақсаты – жоғары біліктілікті, білімділікті қалыптастыру. Студенттің бойында кәсібилілік қабілеттерді шыңдау.

III деңгей. ЖОО-нан кейінгі білім (послевузовское образование). Мақсаты – тұлғаның бойында ғылымға деген ептілікті, зерттеушілікті және т.с.с. қабілет-қасиеттерді дамытуға жағдай жасау. Мәселен, Ph.D бағдарламалары қазірдің өзінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Қазақ гуманитарлық-заң университеті, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті және Қазақ ұлттық агротехникалық университеті базасында енгізілуде. Және Ph.D докторларының ғылыми жұмыстарына басшылық жасау мақсатында шетелдің жетекші оқытушылары тартылып отыр. Атап айтсақ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бүгінгі таңда 112, ал Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде – 82 шетелдік оқытушы қызмет атқарады.

Сонымен интеллектуалды әлеуетімізді қалыптастыру ЖОО-ның негізгі міндеті болып отыр. Жоғары білім жүйемізді бүгінгі заман талаптарына сай жасақтап, рухани мәдениетімізді, қаржылық, техникалық ресурстарымызды өнегелі, жоғары интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеуге жұмылдыруымыз керек. Тек сонда ғана өзінің дербес ұлттық руғы, мәдениеті, тарихы, санасы дамып жетілген өркениетті ұлт есебінде жалпы адамзаттың ұлы көшіне ілесіп, басқа мемлекеттермен терезесі тең мемлекет ретінде иық трестіре аламыз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. Демократия - наш выбор. Демократия – наша судьба //Мысль. – 1999. – №5. – С. 9.
2. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде болған ҚР-сы Президенті Н.Ә. Назарбаевтің «инновациялар мен білім беруді дамыту арқылы – білім экономикасы» дәріс. – Астана, 2006. – 42 б.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЗАҢНАМА БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУ ТӘРТІБІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Куккузова Э.И., заң магистрі, аға оқытушы; Салихова А.А., заң магистрі, аға оқытушы

Құқықтану кафедрасы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызметке қатысты сұрақтар қай уақытта болмасын өзінің маңыздылығы жағынан әрқашанда мәселелер қатарынан тыс қалмайды. Соның ішінде, Қазақстан Республикасы мен Италия мемлекетінде мемлекеттік қызметке кірудің ерекшелік белгілері және тәртібі туралы айтылады.